

ӘОЖ 417.1

**ӘЗ-ЗАМАХШАРИДІҢ «МУКАДДИМАТ АЛ-АДАБЫ» ТУРАЛЫ  
ABOUT "MUKADDIMAT AL-ADAB" OF AL-ZAMAKHSHARI**

Қ. СЕМБИЕВ\*

**Резюме**

Әр кезеңдегі жазылып қалған тілдік материалдарды бір-бірімен нақты салыстырғанда ғана оның туыстас тілдермен қаншалықты жақын, алысын анықтауға мүмкіндік туады. «Мукаддимат ал-адаб» XII ғасырда ғұмыр кешкен ғұлама ғалым Әз-Замахшаридің арабша, парсыша, түркіше, монғолша жазылған төрт тілді сөздігі. Автор мақалада «Мукаддимат» пен қазіргі қазақ тілінің өзара тарихи байланысын ашып көрсетеді.

**Кілт сөздер:** Сөздік, Әз-Замахшари, «Мукаддимат ал-адаб», ескі қыпшақ жазба ескерткіштері, қазіргі қазақ тілі.

**Summary**

Devoted to medieval vocabulary script author of which is al-Zamakhshari «Mukaddimat al-adab» written in Arabic, Persian, Turkic (Kipchak) and Mongolian. There elements of ancient Kipchak language and the historical relationship of ancient Kipchak and modern Kazakh languages are considered.

**Keywords:** Dictionary, Az-Zamakhshari, "Mukadimat al-Adab", written monuments of ancient Kipchak, today's Kazakh language.

Әрбір халықтың басынан кешетін өзіндік тарихы, ешкімге ұқсамайтын жүріп өтер жолы болатыны белгілі. Осы даму, өсу жолында жасаған ғасырлармен өлшенетін ұзақ әлеуметтік қалыптасу үстінде қорланған рухани тарихы да үнемі бірге жетіле түсіп отырады. Басқаша айтқанда, әр халықтың азаматтық тарихымен қоса рухани тарихы да қатар жүретін, бір-бірінен бөліп қарауға болмайтын бүтіннің екі жағы іспетті егіз дүниелер.

Халық өзінің дамып жетілу кезеңдерінің әр айрықтарында, белес-белдерінде өзіне тән түрлі тілдік белгілерінің ізін жазба жәдігерлеріндегі тілдік көрсеткіштерде үнемі қалдырып отырған. Уақыт озған сайын қоюлана басып, бүгінде анықтауы өте қиынға түсетін осы тарихи белгілер тілдің тарихын тиянақты зерттеу үшін ең

---

\*филология ғылымдарының кандидаты, Қарағанды «Болашақ» университеті, Қарағанды/Қазақстан  
Candidate of philology sciences, University of Karagandy "Bolashak". Karaganda-Kazakhstan. E-mail: [bolashak\\_kazaktili@mail.ru](mailto:bolashak_kazaktili@mail.ru)

қымбат, таптырмайтын материалдар қатарына жатады. Сол белгілер арқылы халық тілінің әу бастағы табиғи қалпын, қай заманда, қандай жағдайда, айнала қоршаған қандай елдермен алыс-беріс, саяси-мәдени қарым-қатынаста болғанын біршама анықтай аламыз. Тіл халық тарихының айнасы дейтініміз сондықтан. Ендеше тілдің даму тарихы сол тілді иеленушілердің тарихымен тығыз байланысты келеді.

Халық тарихымен айналысқан ғалымдардың тілге айрықша ден қойып, оны тарихпен шендестіре отырып зерттеуінен, шын мәнінде, зор ғылыми кемелдіктің белгісін аңдағандай боламыз. Әйгілі ғалымдар В.В.Радлов пен А.А.Куниковтің: «...Историческая этнография должна основываться на лингвистических началах»; К.А.Иностранцевтің: «В этнографии в настоящее время придается языку не менее, если даже не более важное значение»; В.В.Бартольдтің: «Некоторый материал для суждения о прошлом кочевых народов, как и всяких других, дают лингвистические факты...» [1] сияқты пайымды пікірлері өзінің ғылыми салмағын әлі жойған жоқ. Бұл келтірілген нақылға бергісіз, тарихи-әдістемелік принциптің ауанын аңдататын сөздер, негізінде, тарих пен тілдің жұбын жазбай зерттеу қажет дегенді діттейді. Бұл тұрғыдан келгенде, біз сөз еткелі отырған XII ғасырдың жазба ескерткіші «Мукаддимат ал-адабтың» сөздік қоры да өз кезеңінің түрлі тарихи белгілерін өз бойына молынан жинап, мықтап сақтап жатыр.

Есте жоқ ескі замандарда дүниеге келген «Мукаддимат ал-адабтың» (бұдан әрі – «Мукаддимат») басқа ескерткіштермен салыстырғандағы ерекшелігі, баспасөз бетінде кеңінен сөз бола алмай келеді. Оның өзіндік себебі жоқ емес.

XII ғасырда ғұмыр кешкен ғұлама ғалым Өз-Замахшаридің «Мукаддимат ал-адаб» атты арабша, парсыша, түркіше, монғолша жазылған төрт тілді сөздігі, өкінішке қарай, әлі күнге баспасөз бетінде сөз болып талданған емес. Әділетсіздікпен ғалымдар назарынан тыс қалып, қазақ тілі тарихынан өзіне тиісті лайық орнын ала алмай келе жатқан туынды. Сондықтан ол жөнінде оқырман үшін аз-кем болса да мағлұмат бере кетуді өзімізге міндет санаймыз. «Мукаддимат» – арабша «кіріспе» деген ұғымды береді, ал «адаб» сөзі – XI-XII ғасырлардағы шығыста бүкіл ғылымдардың жиынтық атауының орнына жүрсе, XII ғасырдан бастап өз ішінде сөздік, грамматика, риторика, метрика және поэзияны қамтыған тіл білімі мағынасында қолданылған. «Мукаддимат ал-адаб» – XII-XIII ғасырлар аралығындағы Сырдың орта, төменгі сағасы мен Хорезм жерінде белең алған оғыз-қыпшақ тілінде хатқа түскен орта ғасырдың орта

дәуіріндегі ескі түркі жазба ескерткіші. Оның авторы – Абул-Қасым Махмуд ибн Омар Жаралла Өз-Замахшари Қазақстан мен Орта Азиядағы араб тілді мәдениет тарихынан ойып орын алатын, ортағасырлық тіл білімі ғылымының дамуына ерекше үлесін қосқан. ғұлама ғалым. Өз-Замахшари – грамматика мен лексикография, стилистика мен риторика бойынша, сондай-ақ поэзия мен экзегетика жайында сүбелі шығармалар жазған әрі өз кезеңінің дарынды ақыны болған, қаламын арабша, парсыша, түрікше қатар сілтеген даңғайыр тұлға. Ол 1075 жылы Әмудің батыс жағындағы Замахшар деген жерде дүниеге келіп, 1444 жылы Үргеніш қаласында қайтыс болған. Хорезмді VIII ғасырдан бастап арабтар жаулауына байланысты бұл мемлекеттің тілі мен діні, әдебиеті мен мәдениеті тікелей араб мәдениеті әсер-ықпалымен өркендеп дамығаны тарихтан аян. Одан кейін оны 1043 жылы көшпелі селжұқтар бағындырған. Сол кезде көршілес Сыр бойынан қоныс аударған оғыз-қыпшақ тайпаларының да Хорезм өлкесіне тигізген ықпалы өте-мөте зор болды. Жүргізген зерттеулері негізінде В.В.Бартольд монғол шапқыншылығына дейін-ақ Хорезмде жаппай түркілену процесі аяқталған болатын деген пікір айтады [2]. Өз-Замахшаридің араб, парсы тілдерімен коса түркі тілін де жетік білуі астарында әлгіндей заңдылық жатса керек.

Өз-Замахшари өзінің сөздігін қыпшақтармен тығыз қарым-қатынаста болған хорезмшах Атсызға (1127-1156) арнау түрінде жазған. Бұл шығыс әдебиеті мен ғылымында ертеден қалыптасқан дәстүр. Кей деректерге қарағанда, ол өз сөздігін Атсыз өтінішімен жазады. Қалай болғанда да бұдан шығатын қорытынды – бұл шығарманың Дешті-Қыпшақ пен Хорезм мемлекетінің өзара саяси, мәдени алыс-беріс қарым-қатынас негізінде жазылғандығы, яғни қыпшақ, ол арқылы қазақ тарихына да қатысы барлығы. Аталмыш мұра бізге осы жағымен де аса құнды.

Бұл туындының түп нұсқасы (факсимилесі) жоғалып кеткен, алайда екі көшірме данасы 1926 жылы Бұқарадағы кітапханадан кездейсоқ табылып, бұрынғы Одақ көлемінде мәлім бола бастағаннан бері белгілі. Негізінен «Мукаддимат ал-адабты» алғаш зерттеушілердің бірі орыс ғалымы И.Поппе болды. И.Поппенің қолға алып қарастырғаны сөздіктің 1492 жылы хатиб (құснихатшы) Дервиш Мухамед дегеннің жасаған көшірмесі. И.Поппе 1938 жылы КСРО Ғылым академиясының баспасында жарық көрген, ауқымды екі бөлімнен тұратын еңбегін «Монгольский словарь» – «Мукаддимат ал-адаб» деп атаған. Бірінші бөлімде монғол сөздеріне тілдік талдау

жасаса, екінші бөлімде екі мыңдай монғол және түркі сөздерін бір ізге түсіріп, арабша жазылу тұлғасын, латынша транскрипциясын, орысша аудармасын берген. Түпнұсқадағы сөздіктің әуелгі қалпын сақтамай, сөздерді қайта қопарып, әліпби бойынша рет-ретіне түсірген. «Мукаддиматтың» біздің қолымызда әзірше бар данасы да осы ғана.

Тіл халықпен бірге туып бірге жасайды десек, халықтың өсу, даму эволюциясы секілді тілдің де өз ішінде өсіп, дамып, толысып отыратын заңдылығы бар. Уақыт озған сайын жеке сөз өзінің әуел бастағы түп негізін сақтаса да, замана ағымына сәйкес түрлі дыбыстық (фонетикалық), мағыналық (лексикалық) өзгерістерге ұшырап, мың құбыла түлейтіні болады.

Түркі тілі табиғатын етене зерттеген тіл мамандары оның ескі қалпы – «д», одан кейінгі – «й», жаңасы – «ж» екендігін айтады [3]. Осы тұрғыдан алғанда «Мукаддиматтағы» түркі сөздерінің дені «д» дыбысты емес, «й» дыбысты болып келеді. Мәселен, йүтен (жүген), йирау (жырау), иүрек (жүрек). «ғ» дыбысына аяқталатын сөздердегі анлаут позициясындағы (сөз аяғындағы) «ғ» дыбысы қазақ тілінде элизия құбылысына (түсіп қалу) ұшырайтыны да: тарығ (тары), сарығ (сары), ұлығ (ұлы) не болмаса анлауттағы (сөз ортасындағы) «ғ»-ның «у» дыбысына айналатыны да: сағыт (сауыт), бағыр (бауыр), сағлық (саулық), қазіргі «м» дыбысына басталатын сөздер ескінің белгісіндей «б» дыбысымен айтылатыны да: бойын (мойын), бықын (мықын), бурут (мұрт) сөздіктен айқын байқалады. Сондай-ақ онда көне тілге тән, кейінгі кезде тілдік қолданыстан мүлдем шығып қалған архаизмдер де жеткілікті: көкүс (кеуде), егин (иық), елік (қол). Осындай архаистік тұлғалардың сол уақыттарда жарыса қолданылған басқа варианттары да қатар ұшырасып отыратыны көрінеді: елік (қол), бітік (хат) т.б.

Негізінде тіл тарихын зерттеуші ғалымдар қазіргі қазақ тілін ескі қыпшақ тілдер тобынан енші алып, бөлініп шыққан тіл ретінде танып, соның жұрағаты санайды. Расында, қазақ тілі өзінің ана тілі – VI–VIII ғасырлардағы көне түркі тілімен ескі қыпшақ тілі арқылы жанама түрде қабыса алады. Сондықтан «Мукаддимат ал-адабты» XIII–XIV ғасырлардағы қыпшақ тілі жазба ескерткіштерін ойма (руна) жазулы Орхон-Енисей мұраларымен көпір іспетті байланыстырып жатқан аралық туынды ретінде таныған абзал.

Қазақ тілі тарихын зерттеуіміздегі негізгі табан тірер дерегімізді осы «Мукаддиматтан» алып, ондағы көрінетін ерекше тілдік фактілерді қыпшақ тілі, ол арқылы қазақ тілі тарихын анықтай алатын

материал ретінде пайдаланып, оларды түбегейлі қарастыру барысында тума тіліміздің өзіндік даму эволюциясындағы өзгерістердің қайнар бастауларына үңілуге мүмкіндік аламыз.

Сөз жоқ, алуан-алуан түркі тілдес халықтар бір-бірімен өзара етене жақын байланыста өмір сүргені тарихтан аян. Десек те, замана көші озған сайын кей тілдердің ара жігі айрылып, жеке бөлініп, туыстас тілден ірге ажыратса (мәселен, саха, чуваш, шор, хакас, алтай тілдері), ендігі бір тілдер тобы бұған керісінше, өзара тоғысып, жақындаса түсті. Бірақ қаншалықты ірге ажыратса да туыстас тілдер көне тілдік көрсеткіштерде ізін қалдырды. «Мукаддиматтағы» сөздердің түп-төркіндеріне, оның кей тарихи тілдік белгілерін бағзы немесе есте жоқ ескі заманда ара жігі бөлінген сол туыстас тілдерден іздейтініміз де осының дәлелі.

Тіл тарихынан бізге қыпшақ тілін зерттеу мәселесі XI ғасыр ғалымы Махмуд Қашқаридан басталып, XVII ғасырдың бас кезіне барып тірелетіні белгілі. Қыпшақ тілін зерттеудің көш басында тұрған Махмуд Қашқари бұл тілдің әр түрлі диалектілері бар екендігін, сөз алдында «й» дыбысымен қоса «ж» дыбысы да қатар кездесетіндігін, мұндай ерекшеліктер дыбыстық жүйеде ғана емес, сонымен бірге жеке сөздер морфологиялық форманттарда да ұшырайтынын ескерткен еді.

Ескі қыпшақ жазба ескерткіштері өз ішінде көне түркілік белгілермен қатар өз тұсындағы оғыз, қарлұқ секілді туыстас тілдер белгілерін де әрі тек қыпшақ тілдеріне ғана тән тілдік элементтерді қамтитыны аян. Дәлірек айтқанда, кез келген түркі тілдерінің жалпы қолданысындағы сөздерден; екіншіден, ескерткіштің өзіне ең жақын тұрған туыстас тілдер тобындағы белгілерден, үшіншіден, сол ескерткіштің өзінде ғана кездесетін, басқа жазу нұсқаларында ұшырамайтын «эндомалық нысандардан» («эндоличные формы») тұрады. Соңғысы, әдетте, ескерткіштерде мейлінше аз келеді.

«Мукаддиматтағы» түркі материалдарының негізгі бөлігі, араб-парсы, монғол тілдерінен енген кірме сөздерді қоспағанда, түркі тілдерінің туыстастығын білдіретін ортақ сөздерден құралады. Кез келген ескі түркі жазба жәдігерліктерінің де негізгі үлкен қабатын осы түркі лексемалары құрайды.

«Тілдің лексикалық қоры көптеген дәуірлердің нәтижесі екені белгілі. Көне дәуірде ортақ түркі тілі өз дамуының барысында бірнеше тілдерге сараланды, соның өзіне де бұрынғы түбір сөздер бөлінген әрбір жеке тілдің негізін құрайды. Басқаша айтқанда, әр тіл өзінің бұрынғы ортақтастығын сақтап қалды. Бөлінген тілдер өз еншісіне

тиген ортақ тілдерді негіз етті» [4].

XII ғасырдағы жергілікті халықтың сөйлеу тіліне негізделген «Мукаддимат» лексикасының түркі қабаты жалпы қолданыстағы лексемаларды түзеді. Алайда, жалпы қолданыста болған түркі сөздері мен түркі тіліне ортақ сөздердің ара жігін айыра білуі керек. Мәселен, сөздіктегі араб-парсы, монғол тілдерінен енген кірме элементтерді қоспай алып тастағанда, онда тек түркі лексикасы қалады, міне, осы, түркі тілдеріне тән ортақ лексиканы құрайды. Ал жалпы қолданыстағы лексикаға түркі тілдерінің әр диалектілерінде түрлі вариантта қолданылатын, бірақ семантикалық мағынасы бір сөздер жатады. Мысалы, «ай», «күн», «Үлгәр», «Иетиген», «Темірқазук» т.б. Осылайша жалпы қолданыстағы лексика адамның іс-әрекетін, қоршаған ортасын түгел қамтиды. Сөздіктің сөздік құрамын сүзіп шыққанда, бұлар «Мукаддиматтың» үштен бір бөлігін құрайды екен.

Зерттеу мақсатымыздың бірі – бұл жазба ескерткіштің бойында сол тұстағы жазылған кез келген жазба нұсқалармен салыстырғанда қыпшақ тілінің өзіне тән ерекшелігі қаншалықты сақталғандығын анықтауға келіп саяды. Ал оның туыстас тілдерден қаншалықты жақын-алысын, тілдік белгілердің эволюциялық дамуын анықтау үшін оның өзінен бұрынғы өз тұсында, не өзінен кейін хатқа түсіп, дүниеге келгенін басқа жазба нұсқалармен салыстыра қарастыру қажет.

Осы тұрғыдан алғанда, «Мукаддиматқа» өзінен бұрын жазылса да уақыты жағынан ең жақын тұрғаны Махмұт Қашқаридің «Диуану луғат ит-түрк» сөздігі болғандықтан, қос сөздікте кездесетін қыпшақ сөздеріне тән ортақ лексемаларды анықтайық:

Диуандағы қыпшақ сөздері	томы, беті	Мукаддиматта	беті
аз, аз	1,115	аз	136
өзіг, азу(тіс)	1,95	азық	105
азук, азық	1,97	азук	228
білазук, білезік	1,473	білезүк	222
бугдай, бидай	3,258	бұғдай	124
бука	3,246	бұқа	
эв, үй	1,68	ев	170
эмік, емшек	1,102	емчек	220
энак, иек	1,154	еңек	165
эрта, ерте	1,345	ерте	165
эрук, өрік	1,99	ерүк	404
экук,этак	1,129	есірік	303
	1,98	етек	
етек, этчі	2,54	етші	
эчку, ешкі	3,51		
андақ, жантақ			

тікан, тікен	3,51	тікен	278
іарім, жарым	3,25	йарым	201
іақа, жаға	3,31	йақа	201
іәк, иектеді	3,175		291
іән, ііз	3,373 иең	жең	291
илегіш, кеклік	1,444	кеклік	404
кекілік, кэлаған	1,61	келген	197
кэдің, келін	1,384	келін	118 а
кэнаш, кеңес	3,376	кеңгеш	198 б
кэшурн	1,405		
кізиз, кімі	1,347 кіз	323 б	киіз
кірлік, кірлік	1,443	кірпүк	325 а
көз	1,92 көз	249 б	көз
көзуну	3,146	кузгү	350 б
айна			
көкан	1,393		
көген			
комач	1,51		
көмеш (жан)			
кузачу	3,18	күйеу	229 а
күйеу			
мунуз	3,397	мүңүз	131 б
мүйіз			
нечу	3,233	не үчун	390 а
неге			
нэтак	1,373		
нендей			
отачі	1,71	отачы	271а
оташы			
оғрі	1,147	оғры	285 а ұры

Мәлімет үшін айта кетер болсақ, қолжазба Ыстамбұл қаласының кітапханасында сақтаулы тұр. Өз кезінде ел билеп тұрған қыпшақтардың (мәмлүк сұлтандарының) тілін үйренуге арналған ескерткіш басында автор: «Бұл кітапты жазғанда қыпшақ тілін негіз етіп алдым, өйткені ол өте кең қолданылады» деп жазған. Еңбек сол кездегі классиканың - араб грамматикасының үлгісі жайында берілген.

Енді «Мукаддиматты» XIII-XIV ғасырлар аралығында готикалық және көне шрифтпен жазылған әйгілі ақын Ф.Петрарка Венециялық, Әулие Марк кітапханасына тапсырған қыпшақ тілінде хатқа түскендігі, ғылыми тұрғыда дәлелденген, дау тудырмас «Кодекс куманикуспен» (куманша) – қыпшақша сөздікпен салыстырып көрелік. Бірінші бағанада Кодекстен сөздер алынып, беті көрсетіледі, одан әрі «Мукаддиматтағы» балама сөздер келтіріліп, беті көрсетіледі, соңында – қазақша аудармасы.

Қ. Сембиев. Өз-Замахшаридің «Мукаддимат ал-адабы» туралы.

абышқа	37 б	абышқа	162 а	қарт, күйеу
ау	22 а			
азық	18 а	азуқ	228	азық
айран	31 а	айран	364 а	айран
айғыр	13 а	айғыр	97 а	айғыр
алты	60 б	алты	206 а	алты
аксақ	4 а	аксақ	143 а	аксақ
алтын	16 а	алтун	89 а	алтын
балта	28 а	балту	189 а	балта
балық	19 а	балық	189 а	балық
бармақ	46	бармақ	138 а	бармақ
бөрі	16 а	бөрі	127 а	бөрі
бөз	14 б	бөз	124 а	
егеу	34 а	егек	313 б	егеу
екінді	25 б	екінді	180 а	екінші
кеме	19 а	кеме	266 а	кеме
көр	4 а	көр	324 б	көр
күзен	36 а		218 а	қарын
қарын	7 а	қарын		
қарсақ	76			
қармақ	19 а			
қысырақ	13 а	қасрақ	115 а	қысырақ
қырғый	76	қырғұй	406 б	қырғи
мамық	29 а			
олжа	26 а			
сақау	27 а			
сексен	60 б	сексен	244 б	сексен
тау	11 а	тағ	177 б	тау
тұзақ	20 б	тұзақ	367 б	тұзақ

«Мукаддимат тілін» XV ғасырдың туындысы, қыпшақ тілі негізінде жазылған, авторы белгісіз «Кітаб аттуһфауз Закийа фил-луғат-ит туркийя» («Түркі тілі туралы жазылған ерекше сыйлық») жазба ескерткішімен де салыстыра-салғастыра қараған жөн. Өйткені бұл ескерткіштің лексикасын зерттеген ғалым Т.Арыновтың көрсетуі



бойынша: «Аттуһфаның» лексикалық тұлғасы басқа ешбір тілде дәл қазақ тіліндей өзгеріссіз сақталмаған. Ғалымның бұл шығарманы көне қазақ тілінде жазылған ескерткіш деп қарауға негіз бар деуі сондықтан. Яғни, бұл туынды, шындығында, қыпшақ тілі мен қазіргі қазақ тілін байланыстырып жатқан көпір іспетті аралық еңбек. Енді «Мукадиматты» қыпшақ, қазақ тіліне жақындатарлық айғақтар келтірейік.

«Аттуһфа»	беті	«Мукадимат»	беті	қазақшасы
айа	30 б	айа, ауч	97 б	алақан
айаз	21 б			
айғыр	13 а	айғыр	97 а	айғыр
айран	31 б	айран	364 а	айран
ақша	52 б	йармақ	126 а	ақша, бақыр
ару	36 б	аруғ	355 а	арық
балапан	22 б	джоза	210 а	балапан, шочия
барақ	30 б	ит	136 а	ит
барша	81 б	барча	98 б	барма
бауур	30 б	бағыр	152 б	бауыр
бие	23 б			
бөрі	16 а	бөрі	134 а	бөрі
бөрік	23 а	пөрүк	233 б	бөрік
былтыр	19б			
екеу	16б	екі	96 а	екеу, елсі
етік	14 б	өтік	180 а	етік
жанпаз	7 а			
жомарт	30 б	живанмардылық	203 б	шуанмәрттік, жомарт
йалбарды	9б	йалбарды	100 а	жалбарынды
йанбасты	13б	йанбашы	330 б	жамбасы
йалау	35 а			
йамау	16б			
йопырақ	14 б	йапрақ	125 б	жапырақ
йырық	48 б	йыруқ	321 а	жырық
кебе	22 б	кебен	389 а	
келі	11б			
кендір	29 а			
киіз	8 а	кииз	323 б	киіз
киік	38 б	киік, кейік	363 а	киік
көсе	4 а	көзе	224 б	көсе

**Қ. Сембиев. Өз-Замахшаридің «Мукаддимат ал-адабы» туралы.**

көсеу	34 а	көсеғү, көсу	312б	Көсеу
күйеу	12б	күйеу	229 а	күйеу
күрек	31 б	күрек	230 а	күрек
қауун	7б	қавун	297 б	қауын
қалаш	17 а	қолан	98 а	қалаш
қарбуз				
карсак	7б			
қымыз	32 а			
қырау	17б			
қонша	11б	қошны	301 а	көрші
мамық	29 а	мамук	218б	мамық
ійне	4б	ігне	205 а	ине

Қорыта келгенде айтпағымыз, «Мукаддимат» пен қазіргі қазақ тілінің, сонау алыстан барып қосылса да өзара тарихи байланысын ашып көрсетуге тырыстық. Әр кезеңдегі жазылып қалған тілдік материалдарды бір-бірімен нақты салыстырғанда ғана оның туыстас тілдермен қаншалықты жақын, алысын анықтауға мүмкіндік туады. Сол салыстырулар негізінде байқағанымыз – ескерткіш тілінің сол тұста жазылған ескерткіштермен салыстырғанда қыпшақтық ерекшелігінің барлығы. Ол ерекшеліктерді «Мукаддимат ал-адаб» лексикасынан да, грамматикалық тұлғасынан да байқадық. Осыдан келіп біз бұл еңбек оғыз-қыпшақ диалектісінде жазылған деген пікірге қосыламыз. Өзінен бұрын жазылған Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ит-түрік» сөздігінен кейін жазылған «Аттухфа», «Кодекс куманикуспен» шендестіре қарап шықтық, ондағы сөздер «Мукаддиматпен» қабысып жатқанын байқадық.

**ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Голубовский П.В. *Печенеги, тюрки и половцы до нашествия татар*. Киев: 1984; Иностранцев К.А. *Хунны и гунны*. Л., 1996.
2. Бартольд В.В. *История тюрко-монгольских народов*. Ташкент: 1928.
3. Томанов М. *Қазақ тілінің тарихи грамматикасы*. Алматы: 1986.
4. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. *Қазіргі қазақ тілі. Фонетика. Лексика*. Алматы, 1975.

**Қ. Сембиев. Өз-Замахшаридің «Мукаддимат ал-адабы» туралы.**

---

5. Есбосынов Е.З. *Ескі қыпшақ тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері* (Абу Хайян еңбегі бойынша, XIVғ.) [Мәтін] : фил. ғыл.кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. авторефераты. Алматы, 2006. - 26 б.
6. Құрышжанов Ө., Жұбанов А., Белботаев А. *Құманша-қыпшақша жиілік сөздік*. Алматы, 1978. – 277 б.
7. Махмуд Қашқари. *Түрік сөздігі* / Құрастырған: А.Егеубаев. – Алматы, 1997. – 590 б.
8. Айдаров Ғ. *Көне жазба ескерткіштерінің тілі*. Алматы, 1986. –183 б.